

егемен

Акылбеков

Ұлы Даңдағы ұлт дауысы



Қазақ радиосына – 95 жыл.

Жазу үстелінен босасам жан қалаған алыстағы қаламгер достармен жүздесуді аңсап, жолға жиі шығатын әдетім бар. Ішкі жан-дүниемдегі рухани аңсарым 2014 жылы мені Мәскеуге тағы да алып барды. Әуежайдан түскен соң, баар жеріме жету үшін женіл көлікке отырып жайғасқан соң, қымбат уақытты қалай үнемдеп, көптен көрмеген достарыммен жүздесудің жоспарын құра бастағаным сол еді, ойымды «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Автобиографиясы», – деп саңқылдай шыққан дауыс бөліп жіберді. Құлақ түрсем, сөйлеп түрған радио. Таң қалдым. Күніне Мәскеуді жүз айналып, Ресей астанасының көлімді-кетімді қонақтарын қалаған жеріне жеткізуді білетін көлік жүргізушісіне, – Мынау қай радио? – дептін. – Радио России ғой, – дейді ол да байыппен. – Мен Ұлы Даңдағы елінен келдім, мынау Нұрсұлтан Әбішұлының кітабы желісінде әзірленген хабар ғой. Бұл кітапта Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сөттері жан-жақты баяндалады. Тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдары да ашып көрсетілген, – деп көніл қуанышымды жайып салдым. Ол да әнгімеге қаражаяу емес екен. – Бұл хабарды мен үзбей тыңдаймын. Қазақстан Президентінің парасат-пайымы, жүзеге асырып жатқан өнегелі істері қатты қызықтырады. Келешегі жарқын, ең асылы ынтымағы мен бірлігі жарасқан елде түру да бақыт шығар, – деп қояды ол. Қарапайым көлік жүргізушісінің осы бір сөзі көніліме қуаныш ұялатып, бойымды мақтаныш сезімі билегендей болды. Жалма-жан ұялы телефонымды қолыма алып, «Қазақстан» РТРК АҚ-тың төрайымы Нұржан Мұхамеджанованың нөмірін тере бастадым. Ойым – осы көнілімді марқайтқан көрген-білгенімді қаз-қалпында жеткізу. Қарындасым телефонын тез көтерді. – Нұржан! – деп қоямын. – Саған айтар

жағымды жаңалығым бар. «Ресей радиосынан» Елбасының кітабы желісіндегі хабар беріліп жатыр. Тыңдарманы да көп сияқты, зиялы қауым өз алдына, қарапайым көлік жүргізушілері де қалт жібермейді еken. – Сөзіңіздің жаны бар, бұл жайында ресейлік әріптерім айтып жеткізген, – деді арғы жақтағы дауыс. – Біле білсеніз, аға, Қазақ радиосы «Ресей радиосымен» бірлесіп жасаған «Автобиография. Нұрсұлтан Назарбаев» атты аудио жобасы 28 сериямен 143 миллион тыңдарманы бар «Радио России» арқылы тарап жатыр. Оны көркемсөз оқу шебері, Ресей халық әртісі Василий Лановой оқыды. Сондай-ақ, Елбасының еңбектері бойынша әзірленген «Қазақстан жолы», «Казахстанский путь», «Ой бөлістім халқыммен», «Өрелі өмір өнегесі» аудио жобасы екі тілде 32 бөліммен өз тыңдармандарына жол тартты. Қазақтың даңқты батыр-жазушысы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясын» да екі тілде сөйлетпек ойымыз бар. – О, бәрекелді көп іс тыңдырып жатыр екенсіздер ғой. Бұл еңбектеріңізге алғысым шексіз, – дедім. Үстіміздегі жылдың наурыз айында Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында күрделі ота жасаттым. Аурухана төсегіне таңылғанда уақыт та тұрып қалғандай өтпей қояды еken. Теледидар көрген боламын, бірақ тілін түсінбегендіктен, қызық емес. Шіркін-ай, ұлттық руханияттың, қазақ өнері мен мәдениетінің қара шаңырағына айналған Қазақ радиосын тыңдар ма еді, деген ой келді. Салиқалы ойдың өрелі оралымдары да, әуезді әуеннің жан тебірентер сезімтал пернесі де осында ғой. Сөз сәні мен тіл тәлімі, ән әрі мен саз сырының кеніші емес пе, Қазақ радиосы. Шын сағынады екенсін! Осыдан аман-есен елге оралсам, міндетті түрде шығармашылық ұжыммен жүздесемін, деп өзіме өзім уәде бердім. Емделіп келген соң, Астанаға жолым түскенде Қазақ радиосына арнайы бардым. Мені осы ұжымға жетекшілік ететін, «Қазақстан» РТРК АҚ радиохабарлар тарату дирекциясының бас директоры-Қазақ радиосының директоры Махат Садық пен оның орынбасары, «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Төлепберген және бағдарламалар директоры Оңғарбек Құралов құшақ жая қарсы алды. Келгенімді естісе керек, М.Садықтың кабинетіне жеткенімше радионың редакция жетекшілері мен өзге де белді журналистер лезде жинала қалғаны. Жүздесу барысында бір ұққаным, үн-жарғы қызметкерлері менің кітаптарымды оқиды еken. Әсіресе, «Жиырмасыншы ғасыр» романым жайында сұрақтарын жаудырмасы бар ма?.. Жүрегім шын жылдып қалды. – Қарақтарым, менің шығармашылығыммен таныс екенсіндер. Әңгіме арнасын радио жұмысына аударсақ қалай болады? – деп едім, осы ұсынысымды күткендей Махат інім тізгінді өз қолына алды. – Аға, Қазақ радиосына биыл 95 жыл ғой. Ғасырға жуық тарихында тұтас бір ұлттың тіршілік тінін, қайталанбас ғажайып мәдени болмысын ұлағаттап келе жатқан ақпарат құралы қазір де қатардан қалған емес. Жаһандық үдеріске бірегей ұстанымымен өзіндік үлес қосқан Қазақстан өз тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өткелі тұрғанда, біздің ұжым да еліміздің егемендігі мен дербестігін жан-жақты насиҳаттауды борышы деп біледі. Қазақ радиосында тәулігіне 80-ге жуық хабар әуе толқынына жол тартады. Олардың бірі күнде дайындалса, енді бірі – аптасына бір рет. Ал, радионың ақпараттар легі әр жарты сағат

сайын эфирде. Және өзге ақпарат көздерінен бұрын береді. Бозторғай шырылымен бірге «Қайырлы таң, Қазақ елі!» деп жүртшылықты елең-алаңда оятатын да біз. – Иә, оны білемін ғой, Махат! Радионы жиі тыңдаймын. Ал таңғы эфирдегі бағдарлама жүргізетін қыз-жігіттерің де есте. Құралай Жұмаханова жүргізетін «Лирикалық сағат» хабарын қалт жібермеуге тырысамын. Поэзияның қайнарынан қанып ішіп, бойына қуат, жырына шуақ жинаған жандардың өміршең өлеңдерін бүгінгі ұрпақтың дағаны дұрыс. «Аймандаілым» болса арда азаматтардың кісілік келбетін танытып жүрген хабар. Әуезге толы хабарлардан Мұхамедияр Рашидың есімін жиі естімін. Оның дауысында тыңдарманды үйіріп әкететін өзіндік бір ерекшелік бар. Ал, тікелей эфирдегі Әйгерім Оралбекқызының «Шырқа гитара!», «Сол бір әуен» хабарларын халық қалап тұрады. – Қазақ радиосын өзінің сияқты тұлғалы азаматтардың тыңдайтыны біз үшін ұлкен мәртебе. Ұлтымыздың ұлағатты ұлдары әуе толқынындағы еңбегімізге жақсы лебізін білдіріп жатса жан марқаяды ғой, – деп шын қуанышын білдірген М.Садық, сөзін одан әрі жалғады. – Аға! Ән-әуезben әдіптеліп, алуан үндестікті сұңғыла сөзben суреттейтін Қазақ радиосы өз тыңдарманына биыл тағы бір тарту жасап отыр. Ұлтымыздың занғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын аудиодискіде шығардық. Ондағы мақсат – ұлы шығарманы халыққа аудио арқылы насиҳаттау еді. Бұл жауһарымыз «Абай» әлемінің тарихи танымын дыбыспен үндестіріп, дала әуенімен әрлендірді. Сондай-ақ, аудиодискіге дала данышпанының қара сөздері мен өлеңмен өрнектелген ойлары да енгізілді. Желсіз тұн, жарық айдан сыр іздеген тыңдарманың көңіліне сазды самал ұялатар Абай әндерін де осы дискіге кіргіздік. Ғұлама ақынның өмірмен өзектес өлеңдерін еліміздің көркемсөз шеберлеріне дыбыстаратып, әуенін танымал әншілерге орындастық. Сөйтіп, кітап окуға уақыты тапшы жандарға ұлкен олжа жасағандай болдық. Электрондық технологияның дегені болған қазіргі заманда кез келген адам «Абай жолын» енді өз көлігінде, жұмыс кеңесінде, отбасы ортасында, тіпті туристік саяхатта жүріп те тыңдай алады. – Бұл өте орынды болған екен, – дедім мен де қостап. – Жаңылыспасам, биыл «Шалқар» радиосының 50 жылдық мерейтойы емес пе осы? – деп Болатбекке бұрылдым. Бұл жігіт – тәулігіне 24 сағат үзіліссіз эфирге шығатын үн-жарғыны басқарып отырған азамат. Әуе толқынында тек қазақ тілінде сөйлейтін ақпарат құралы – ол Шалқар. Гасырлардың үнін, асылдардың сөзін талғамы биік тыңдарманға жеткізіп жүрген ұлтымыздың рухани бұл жаршысын да халық ұйып тыңдайды. Бүгінде Қазақ радиосы көршілес Ресей және Беларусь радиоларымен ынтымактастық орнатқан. Откен жыл Женістің 70 жылдығына орай «Мир» радиосымен бірлесе отырып, Александр Бектің «Волоколамское шоссе» романының толық аудионұсқасын дайындағы. «Батырлар жыры» атты айдармен қазақтың қаһармандық бағыттағы танымал 50 жыры тыңдарманға жол тартқан. Бұл аз десен, әр тоқсан сайын маңызды тақырыптарда «Астана-Мәскеу», «Астана-Минск» мемлекетаралық радиокөпірлер үзбей ұйымдастырылып келеді. Немістің «Дойче Велле» телекомпаниясымен әріптестік орнаған. Редакция құрамында корей, татар, ұйғыр, неміс,

әзербайжан, түрік тілдерінде хабар тарататын халықаралық «Достық» бөлімі де жұмыс істеп тұр. Бұл үлкен еңбек емес пе?! Бір мезетте Махат інім: «Қазақ радиосының әлеуметтік-экономикалық ресми хабарларынан да құлағдар шығарсыз. Ол редакцияны мына ініңіз басқарады, – деп назарымды аудартқан жаққа қарап, тани кеттім. Еділ Анықбай. Осыдан бес жыл бұрын «Айтөбел» хабарына шақырғаны бар. Кейін сол сұхбатымыздың толық нұсқасы «Алаш айнасы» газетінде жарық көрді. Бұгінде әлеумет редакциясына жетекшілік жасайтын Еділ Уәкілұы аптасына бір рет «Ұлы Дағала мұраты» хабарын жүргізіп тұрады. Оны радиодан талай тындағанмын. – Бұл хабардың көтерер жүгі ауыр, – дедім Еділге қарап. – Біле білсен, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Президентіміздің «Ұлы Дағала елі», «Мәңгілік Ел» бастамаларын бағдарлама арқылы халыққа насиҳаттау абыройлы іс. Жалпы, бұл редакцияның еңбек адамынан бастап, ғарыш агенттігіне дейінгі салалық тақырыптарды қамтитын радиоконференциясын да тындалп жүрмін. «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары да жан-жақты беріліп келеді. Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қарға тамырлы қандастарымыздың бұгінгі тынысын таныстыратын Жазира Амантайқызының «Алыстағы ағайын» хабары да көнілімнен шығып жүр. Қазақ радиосынан алыс-жақын шетел елшілерінің тікелей эфирге шығуы тынымсыз еңбектің нәтижесі деп білемін және АҚШ елшісінің наурызда қазақша құттықтауын естігенде өзгеге үлгі боларлық жайт екеніне қатты қуандым. Ауыл шаруашылығы тақырыбындағы журналист Базарбай Қожакелдиевтің «Аграрлы Қазақстан» хабары төрт түліктің төлін өргізіп, дала төсінде дән еккен еңбеккерлерге үлкен қолдау. Бір мезетте. – Аға! Радиоға арнайы атбасын бұрып келген екенсіз, әңгімемізді тікелей эфирде жалғастырсақ қалай болады, – деді М.Садық. Мен келістім. Радионың студиялары шағын, әрі кетсе төрт-бес адам ғана сыйады. Солардың біріне барып жайғастық. Бір-бір құлакқапты киіп алдық. Екеуден-екеу. Қозғайтын тақырыбымыз мен ушін таңсық емес. Алайда, бір сағат бойы тындарманға не айтамын деген күдікті ой көлбендең тұрып алғаны. «Осы бір қалың ойдың құшағында құндақталып отырғанда М.Садық бірінші сұрағын қойып та үлгерді. «Мәңгілік Ел» идеясы төңірегінде әңгіме өрбіте, Елбасының «100 нақты қадамын» да жіліктеп алып, жік-жігімен талқылап жатырмыз. Бір сағат уақыт енді аздық ететін сияқты. Телефонға да дамыл жоқ. Тындарман сауалы бірінен соң бірі түсіп жатыр. Еліміздің барлық қаласынан, алыстағы ауылдан да хабарласып тұрғандар көп. Санауға шама жоқ, әйтеуір 20-ға жуық қонырау шалынған сияқты. Бұл қуанышты жайт емес пе? Демек, Қазақ радиосы тындарманға тапшы емес. Қазір елімізде өзге де мемлекеттік емес радиолар жұмыс істеп тұрғой. Алайда, халықпен ғасырға жуық бірге жасасқан Қазақ радиосының беделі аса биік. М.Садықтың айтуынша, Қазақ радиосының хабарлары еліміздің барлық ауыл-аймағын қамтиды екен. Эр өнірде меншікті тілшілер жұмыс істейтін көрінеді. Сондықтан болар, бұл ақпарат көзі жағымды жаңалыққа толы. Ауыл өмірі, алыстағы ағайынның тыныс-тірлігі назардан тыс қалмаған. Журналистер де өз ісіне берік. Өнірлерде еңбек көрігін қыздырып, еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына сұбелі үлес қосып жатқан өндіріс

ошақтарының өнімдері жайлы айтатын «Қазақстанда жасалған», жер-жерлердегі өнер адамдары, ұмытылып бара жатқан ұлттық қолөнерімізді ұлықташ қайта жаңғыртып жатқан ісмер-шеберлер жайлы сыр шертетін «Ел іші – өнер кеніші» тәрізді күн сайын әр облыстар берілетін хабарларды бұқара үйіп тыңдайды десем, артық айтқаным емес. Қазақ радиосынан әр жарты сағат сайын эфирге шығатын жаңалықтарға да еліміздің әр түкпірінде болып жатқан оқиғалар, халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында өнірлерде жүзеге асып жатқан ілкімді істерді буы бұрқыраған күйінде жеткізу де осы меншікті тілшілердің үлесінде. Радионың бұл тілшілері халыққа еліміздегі керемет көрікті жерлер, есте жоқ ескі заманнан бүгінге жеткен тарихи жәдігерлер жайында «Шалқар» радиосының «Жерұйық» айдары арқылы да мол мағлумат берді. Атап айтсам, Кекше жеріндегі «Кенесары үнгірлері» жайлы мен осы тілшілердің арқасында естіп-білдім. Меншікті тілшілер кезінде әр үйде саңқылдан тұрған, кейінгі өліара кезеңде ол функциясынан айырылған Қазақ радиосын қайта алдыңғы шепке шығаруға да айтартықтай тер төгіп жатыр. Әдебиет саласының жауынгері болғандықтан ба, радионың «Әдеби-саз» редакциясы жаңыма жақын. Бұл редакцияға кезінде ұлты-мыздың небір дарынды тұлғалары жетекшілік жасады. Қазақ дүниетанымын тереңнен іздел, әдеби, мәдени жаунарларын қайта тірілткен олардың көбі бүгінде бақылыш болды. Алайда, сағ алтындағы салмақты сөздері жадымыздан жоғалған жоқ. Олар бапты дауыстың базарында шырқалған небір әуезді таспаға жазып, қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет ететін мұра қалдырды. Өнер бәйгесінде өзіне тән дара шабысымен танылған таланттардың енбегін тындарман кәдесіне жаратуда да «Әдеби-саз» редакциясының рөлі зор. Қазір редакцияға басшылық жасайтын «Құрмет» орденінің иегері Ләzzat Қапышова да сол алдыңғы аға буын үрпактың сара да дара жолынан таймай келеді. Екі-үш жыл бұрын кенеттен қайтыс болған ұлымның қайғысынан қан жұтып, қабырғам сөгілсе де жазу үстелінен түспей, «Қасқыр ұлған түн» атты романымды жазып шықтым. Оны «Жұлдыз» журналы екі санына басып шығарды. Соны оқыған Ләzzat қарындасты «Өмірдің өзі новелла» айдарындағы «Сыр мен мұн» радиохабарын дайындаған екен.

Л. Қапышованың өзге де хабарларын тыңдалған журмін. Қазақстан Республикасы Президенті Кенесесінің бастығы Махмұт Қасымбековтің сценарийі желісінде әзірленген «Ой бөлістім халқыммен», «Елдің төрі – елорда» атты әдеби-сазды радио композициялары да тыңдаушылардан өз бағасын алғанын білемін. Журналист Қошан Мұстафаұлының «Інжу-маржан» хабары қазақтың дала данышпандары, ұлан-ғайыр жерімізді жаудан корғауда қол бастаған баһадүрлері жайында тарихи шындықтың шаңын сұртіп жүр. Ал журналист Әлмира Әлімсарының Қазақстан Президенті жанындағы Эйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесе отырып «Біз екеуміз» атты радиожобаны жасап жүргенінен хабардармын. Журналист Жанат Жанұзақтың өнегелі өмірлерден сыр шерту мақсатындағы «Ел ағалары» хабарын да тыңдалған журмін. Бұл хабарға мен де кейіпкер болғанмын. Қазақ радиосының «Алтын қоры» қазір жұтаң емес. Ұлттымыздың халық ауыз әдебиеті және дала әуезі

Ұндескен дәстүрлі әндеріне бай. Әр жылдары жазылған ұлт қайраткерлерінің теніз толқынындағы ақжал, кесек, келісті дауыстары сол қалпында сакталып, қазір радиотыңдаушының рухани өресіне өң беруде. Қазақ әндерінің ғажап та сұлу сазын сағынған адамға «Алтын қордағы» кәсіби композиторлардың академиялық шығармалары баға жетпес байлық. Эстрада жанрындағы есті әндер, талғамшыл талаптың жемісі болған ұлт аспаптарындағы әуендер де дала бозторғайына тән жайдары да назды сезімге бөлейді. Бүгінде «Алтын қорда» 1948 жылдан бері жинақталған 100 000-нан астам фонограмма бар екен. Ноталық қолжазбалар саны да аса мол көрінеді. Тағы бір қуантарлығы, 1957 – 1996 жылдар аралығында төгілген тер, шығармашылық ізденістің арқасында Қазақстан мемлекеттік телерадио комитетінде эстрадалық-симфониялық оркестрдің партитуралары мен қазақтың танымал әндерінің клавирлері қолжазба күйінде сақталған. «Қазақстан» РТРК» АҚ-тың төрайымы Н.Мұхамеджановың бастамасымен аталған қолжазбалар «Қазақстан композиторларының кең тараған ән-романстары» деген атпен алғаш рет екі бөлімді клавир ретінде жарық көріп, көпшіліктің көзайымына айналды. Мұқабасын ашсан, бет-пердесі ұлттық мұратты қөздейтін шығармалар жинағы енді музыка саласы мамандарының қажетіне жарамақ. Әмірін өнерге арнаған жастардың да іздел жүріп, сусындастын жинағы болары тағы да анық. Өйткені, бұл жинаққа қазақ еуропалық-академиялық музыка өнерінің іргетасын қалаушы А.Жұбанов, М.Төлебаев, Л. Хамиди, Е.Брусиловсий, Қ.Мусин сынды ұлы композиторларының еңбекімен қатар, эстрадалық жанрдағы әндерді өмірге әкелген талантты сазгерлер: Ш.Қалдаяқов, Ә.Еспаев, Ә.Бейсеуов, Б.Жамақаев, Ә.Молдағайынов, т.б. әндерінің клавирлері еніп отыр. Сұлу ән қашанда адам жүрегінің лұпіліне үн, санасына сыр қосады емес пе?!, Ендеше, «Алтын қорда» сақталған рухани мұра әлі талай ұрпақтың қажетіне жарамақ. Тәуелсіздіктің таңы атып, егемендікті еншілеп, еңсели ел атанған Қазақстанның Қазақ радиосы елі үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан ақпарат құралы. Халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, діні, әдебиеті мен мәдениеті жайында көл-көсір әнгіме айта алатын нағыз ұлтжанды ақпарат көзі әлі де тыңдарманын қуанта бермек. Радионың 95 жылдығы – ол тарих тойы, халық тойы. Ұлттың ұлағатты үні – Қазақ радиосы рухани байлықтың қайнар көзі, алмастай асыл қазына.

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сінірген аса зор еңбегі үшін»
Халықаралық сыйлығының лауреаты